

РЮКЮ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Мекемтас Алмас Бақытұлы

mekentas.almas@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану кафедрасының

1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., профессор м.а. К.М. Ильясова

Рюкю аралдары — Жапон архипелагының Кюсю аралының оңтүстігінен бастап Тайвань аралына дейін 1200 км-ге жуық қашықтыққа созылып жатқан аралдар тізбегі. Аралдардың жалпы саны 198-ге тең.

Рюкю аралдарында алғашқы адамдар пайда болған кезден бастап, жергілікті аймақтық этникалық бейненің қалыптасу процесі басталады. Сол процесстің нәтижесі ретінде рюкю халқы пайда болады. Рюкю — осы аралдарды мекен ететін жергілікті халық. Олар өздерінің отанның «Учина», ал өздерін «Учиначю» деп атайды, яғни отаның Ямато (Жапония) және өздерін яматолықтар (жапондар) деп санамайды.

Дәстүрлі түрде рюкюлықтар жапондықтарға ең жақын этнографиялық топ болып есептеледі. Оған Ю.В.Ионованың «Рюкюсцы» атты тарихи-этнографиялық очеркінде рюкюлықтарға «бұрында жапондықтарға жақын-туыстас болған этнографиялық топ» деген анықтамасы дәлел. Рюкю аралдары су асты жаңартауларының белесенділігі және жер қабатының тектоникалық қозғалысы әсерінен материктен бөлініп аралға айналған деп есептеледі. Мұз дәуірі аяқталып, шамамен осыдан 10 мың жыл бұрын Рюкю аралдары өзінің қазіргі географиялық қалпына келеді.

Рюкю аралдарының бірі саналатын Тайвань аралынан шығыс бағытта 180 км қашықтықта орналасқан Ириомотэ аралында 1965 жылы осы аралда ғана мекен ететін Ириомотэ мысығы табылады. Заманауи гендік зерттеулердің нәтижесінде Ириомотэ мысығы Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азияда таралған Бенгаль мысығының бір түрі екені және оның бұл аралға материктен келгені дәлелденеді. Сонымен қатар Рюкю аралдарында материкте және Жапон архипелагында тіршілік ететін жан-жануарлардың қалдықтары табылған. Бұл Рюкю аралдары бұрыннан Еуразия материгімен байланысы болғанын айғақтайды[1].

10 мың жыл бұрын Мұз дәуірінде, теңіз деңгейі қазіргіден шамамен 100 метр төмен деңгейде орналасқан кезеңде, Жапон архипелагы материкпен байланыста болған. Осы кезде ежелгі адамдар да қоныс аударып келген. Алайда олар туралы деректер жоқтың қасы, өйткені Жапон архипелагындағы топырақ қышқылдығының жоғары болуы және су эрозиясы әсерінен адам қаңқасы жақсы сақталмаған. Сондықтан Жапон архипелагынан табылған алғашқы адамдардың қаңқаларының саны өте аз[1].

Ежелгі адамның қаңқасына Окинава префектурасынан табылған «Минатогава адамы» жатады. Әктасты үстірт жерлерімен ерекшеленетін Окинава аралында жергілікті топырақтың ерекшелігіне байланысты ежелгі адам қаңқалары жақсы сақталған.

1968 жылы қаңтар айында Окинава префектурасы, Гусиками елді мекенінің (қазіргі Яесэ қаласы) тас қарьерінен адам қаңқасы табылған. Талдау жұмыстары нәтижесінде адам сүйектерінің жасы 22 мың жыл болып анықталған және қазба жұмыстары жүргізілген Минатогава аймағына байланысты «Минатогава адамы» деп аталды.

Жапониядағы палеолит дәуірінің археологиялық ескеркіштерінің жалпы саны 10 мыңнан астам болса да, палеолит адамының қаңқалары аз табылған. Тек Сизуока префектурасынан табылған Хамакита адамы ғана палеолит дәуіріне жатады. Ал қалған

палеолит адамдарының барлығы дерлік Рюкю аралдарынан табылған. 2008 жылы Исигаки аралында, Сирахо-саонэ-табару археологиялық ескерткішінде 26 мың жыл бұрынғы адамның сүйегі табылған. Бұл Жапонияда табылған палеолит адамының ең көнесі саналады.

Жапон архипелагында палеолит дәуірін алмастырған Дзёмон дәуіріне жататын (б.з.б. 13000 – б.з.б. 2300 жж.) адамдардың археологиялық ескерткіштері көп табылған. Зерттеу барысында Дзёмон дәуірі адамдарының бет әлпеті өзгеше және аласа бойлы болғаны анықталады. Окинавадан табылған Минатогава адамының Дзёмон дәуірінің адамымен ұқсастықтары айтылып, Минатогава адамы жапондардың арғы тегі екені қазіргі кездегі ең сенімді тұжырым болып отыр. Яғни Минатогава адамы (Рюкю аралдарын мекендеген ежелге адамдар) Рюкю аралдары немесе Еуразия материгі арқылы солтүстікке жылжи отырып, Жапон архипелагына дейін жеткен. Рюкю аралдарынан Жапон архипелагына қоныстанған адамдар кейіннен Дзёмон мәдениетінің негізін салады. Алайда бұл болжамды жоққа шығаратын зерттеушілер Минатогава адамы мен Дзёмон адамының арасында ұқсастықтар аз деп есептейді. Палеолит дәуіріндегі Минатогава адамы рюкюлықтардың арғы атасы деген тұжырыммен бірге, оған қарсы көзқарастар да бар. Олар жер аумағы үлкен емес Рюкю аралдарында палеолит адамының мыңдаған жылдар бойы ұзақ өмір сүруі екіталай немесе олай болуы мүмкін емес деген пікірлерін алға тартады.

Алғашқы адамдар Шығыс Азияға 40 мың жыл бұрын келген деп есептелінеді. Ал Минатогава адамы Рюкю аралдарына қайдан келді деген сауал туындайды. Бұған Минатогава адамының бас сүйегін басқа аймақтардан табылған ежелгі адамдардың бас сүйектеріне жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша Минатогава адамының бас сүйегі — Қытайдың Гуанси-Чжуан ауданында табылған Люцзян адамының бас сүйегімен ұқсас екені анықталды. Яғни Минатогава адамы Қытайдың оңтүстігінен Рюкю аралдарына келген деген болжам жасалады [1].

1911 ж. Эрвин Вон Баельц айну халқы мен рюкю халқының соматологиялық ұқсастықтары бар екенін және олардың Шығыс Азияны мекендеген еуроид тектес адамдардың қалдығы деген болжам жасайды [2]. Алайда, бұл болжамға 1950 ж. А.Суда қарсы шығып, рюкюлықтар этникалық жағынан жапондарға жатады және жапон этносының бір тармағы дейді [3]. Соматологиялық, дерматоглификалық, бас қаңқасы және тіс морфологиясы, генетикалық зерттеулер нәтижесі рюкюлықтардың Хоккайдо аралының жергілікті айну халқымен ұқсастықтарын көрсетті. Осы жаңалықтардың негізінде Кадзуро Ханихара рюкю халқының және жалпы жапондардың этногенезін түсіндіруге тырысады.

Ханихара Кадзуруның «Қос құрылымды модель» (ағыл. «Dual Structure Model») болжамы бойынша Рюкю аралдарында пайда болған Минатогава адамының мұрагерлері Дзёмон адамдары екен. Яғни дәуірінде (б.з.б. 2300 – б.з. 300 жж.) Жапон архипелагына антропологиялық белгілері Еуразия материгінің солтүстік-шығысында қалыптасқан адамдар Корей түбегі арқылы Кюсю аралына қоныс аударады. Алайда Рюкю аралдары Жапон архипелагынан географиялық жағынан оқшау орналасқандықтан, материктен келген жаңа қоныс аударушылар Рюкю аралдарына дейін жетпейді. Сол себепті Дзёмон адамдарының мұрагерлері саналатын рюкюлықтар өзіндік ерекше антропологиялық белгілерін сақтап қалады [4].

Бұл болжамға сүйенсек, қазіргі жапондықтар екі популяциялық түрлердің, яғни автохтонды (дзёмон) және иммигрантты (яғни) типінің араласуынан пайда болған. Автохтонды типке — оңтүстік монғолоидтық сипатқа ие Оңтүстік-Шығыс Азия және Оңтүстік Қытайдан келген адамдар, ал иммигранттық типке — солтүстік монғолоидтық сипатқа ие Еуразияның солтүстік-шығысынан келген адамдар жатады. Бұл гипотеза бойынша қазіргі рюкюлықтар дзёмондықтардың мұрагерлері, ал дзёмондықтар Минатогава адамынан таралған деп түсіндіріледі.

Материктен келген жаңа миграциялық толқын Дзёмон дәуірінің соңынан б.з. VII ғ. дейін жалғасқан. Солтүстік монғолоидтар алдымен Кюсю аралында тоқтап, кейін Кюсю

аралынан Жапонияның басқа аймақтарына тарайды. Автохтондық дзёмон адамдары және мигранттық яёй адамдарының араласуынан жапондықтардың қазіргі бет-әлпеті қалыптасады.

Бұл үлкен миграциялық толқын Хоккайдоға және Рюкю аралдарына жетпегендіктен, жергілікті халықтарда дзёмондық белгілер әл күнге дейін сақталған. Филипп Франц фон Зибольд (XIX ғ. Жапониядағы неміс дәрігері және жапонтанушы) рюкюлықтардың және Хоккайдоның жергілікті халқы айнулардың арасында сыртқы ұқсастықтардың бар екенін айтады. Одонтологиялық зерттеулер бойынша Рюкю аралдарының халқы және Хоккайдоның айну халқының — филипиндіктер, микронезиялықтар және полинезиялықтармен ортақ ұқсастықтары бар екені, ал қазіргі жапондықтардың одонтологиялық ерекшеліктері қытайларға және корейлерге жақын екені анықталады.

Генетикалық зерттеулер бойынша рюкюлықтарда және айнуларда гаплотип r'' немесе сdE қан тобы резусының жиі кездесуі — рюкюлықтар және айнулардың жақын екені білдіруі мүмкін. Бұл белгі әлемде өте сирек кездеседі, рюкюлықтарда бұл белгінің көрсеткіші (7%), айнуларда (12,4%), ал жапондықтарда 3% [5].

Сонымен қатар HTLV-I лейкемия вирусы жасушаларын зерттеу нәтижесінде бұл вирустың көрсеткіші: айнуларда (40%), рюкюлықтарда (33,9%), ал Хонсю аралындағы жапондықтарда (0,3-1,2%), Оңтүстік Кюсюде (7,8%), континенттік Азияда аз табылған. Яғни HTLV-I вирусының жоғарғы көрсеткішіне ие адамдар Жапон архипелагын (оның ішінде Рюкю аралдары) палеолит және дзёмон дәуірлерінде мекендеген, ал оларды Яёй дәуірінде бұл вирусқа ие емес материктік Азиядан келген жаңа қоныс аударушылар алмастырады. Олар Жапонияның оқшау орналасқан солтүстігі мен оңтүстігінен басқа аймақтарға қоныстанады [6].

1997ж. Омото және Сайто генетикалық маркерлерді зерттеу нәтижесінде К.Ханихараның «Қос құрылымды моделін» қолдап, айну және рюкюлықтарды дзёмон адамдарының мұрагерлері деп мойындауға болатыны айтылады. Алайда дзёмон адамдарының Оңтүстік-Шығыс Азиядан келуі мүмкін деген болжам қолдауға ие болмады [7].

Айну және рюкюліктердің ортақ шығу тегі теориясы К.Ханихараның моделін құраушы компоненттерінің бірі саналады. Бұл теорияның шындығын анықтау мақсатында Рюкю аралдарында соматологиялық, остеологиялық, тіс үлгілерін, генетикалық зерттеу сияқты бірқатар зерттеу әдістеріне негізделген антропологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіледі, алайда ғалымдар ортақ шешімге келе алмайды.

Рюкю аралдарын алғашқы адамдар қоныстана бастаған кезден қазіргі кезеңге дейінгі өзгерісін анықтау үшін — табылған археологиялық және қазіргі Рюкю аралдарының тұрғындарынан алынған мәліметтер негізінде синхронды талдау жұмыстары тиімді болды. Осы мақсатпен 2007ж. бірқатар ғалымдар тіс морфологиясының ерекшеліктерін негізге ала отырып, солтүстік және орталық Рюкю аралдары популяциясының тарихын зерттейді. Сөйтіп Рюкю аралдарының ішінде Окинава аралының адамдары - Рюкю аралдарының жергілікті халқы ретінде зерттеледі. Окинава аралының қазіргі тұрғындары, Танэгасима аралының қазіргі тұрғындары, Танэгасима аралының Яёй-Кофун дәуірінің (0-700ж) адамдарына қатысты археологиялық деректер — жалпы жапон популяциясының 3 автохтонды және 6 мигранттық типімен салыстырылады.

Бұл зерттеуде адам тісі морфологиясының 17 ерекше белгілері қолданылған. Нәтижесінде қазіргі Окинава адамдарынан автохтонды сипат тек 2 белгіден, мигрантты сипат 6 белгіден және өтпелі (автохтонды-мигрантты) сипат 3 белгіден табылады. Қазіргі Танэгасима аралының адамдарынан мигрантты сипат 7 белгіден және өтпелі сипат 4 белгіден табылып, ал автохтонды белгі мүлдем табылмайды. Яёй-Кофун дәуірінің Танэгасима адамдарынан автохтонды сипат 10 белгіден және өтпелі сипат тек 1 белгіден табылып, ал мигрантты сипат мүлдем табылмайды [8].

Тіс морфологиясының әр белгісінің талдауы қазіргі Окинава және Танэгасима аралының адамдарының автохтондық сипаттан гөрі мигранттық сипаттың басымдығын көрсетеді. Алайда, Окинава аралының адамдарында Танэгасима аралының адамдарымен

салыстырғанда автохтонды сипаттың көбірек екені анықталады. Ал Яёй-Кофун дәуірінің Танэгасима аралының адамдары Дзёмон адамдарына ұқсас автохтонды сипатқа ие болғаны белгілі болады.

Осы зерттелген 3 популяциялық түрдің Шығыс Азиядағы орның анықтау мақсатымен әлемдегі басқа популяциялармен салыстыру нәтижесінде жапондық мигранттық популяция типі Корей түбегі, Солтүстік Қытай, Солтүстік-Шығыс Азия, Сібір, Солтүстік Америка сияқты аймақтардың жергілікті популяциялық типтерімен бірге синодонтты тип тобына жатқызылды. Ал жапондық автохтонды популяция типі Оңтүстік-Шығыс Азия аймағымен бірге сундадонтты тип тобына жатқызылды.

Қазіргі Рюкю аралдарының адамдары (Окинава және Танэгасима) Тайвань аралының көне адамдарымен бірге синодонтты және сундадонтты типтің өтпелі шегінде тұрғаны анықталды. Танэгасима аралының үлгілірімен салыстырғанда Окинава аралының үлгілері сундадонтты типке жақын екені белгілі болды. Ал Танэгасима аралының Яёй-Кофун дәуірінің автохтонды адамдары қазіргі Рюкю аралдарының адамдарынан алшақ сундонтты типке жатқызылды.

Автохтонды популяция жапон архипелагы бойынша Дзёмон дәуірінде тарайды, ал Яёй дәуірінде мигранттық популяция Солтүстік Кюсю және Ямагучи аймағына (қазіргі Ямагучи префектурасы) кіріп, автохтонды генді өзіне сіңіре отырып солтүстік және оңтүстік бағытта басқа аймақтарға шашыраңқы түрде таралады. Нәтижесінде автохтонды сипаттан гөрі мигранттық сипатқа ие популяция жалпы жапон халқының негізін құраушы популяция ретінде дамып, қалыптасады.

К.Ханихараның моделіне сүйенсек, жапон архипелагы бойынша мигранттық популяцияның солтүстікке және оңтүстікке таралуына байланысты, жапон архипелагының оңтүстік және солтүстік бөлігі саналатын Рюкю аралдары мен Хоккайдо аралына мигранттық сипаттан гөрі автохтонды сипатқа ие популяция орнығады.

1971 жылы «Жапонияның тоғыз академиялық қоғам ассоциациясы» рюкю халқының антропологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Тіс морфологиясы ерекшелігі әдісін қолданып К.Ханихара және әріптестері рюкю халқының жапондардан гөрі айнуларға жақын екенін анықтайды. Айну-Рюкю ортақ шығу тегі теориясы кейін остеоморфологиялық, генетикалық зерттеулердің нәтижесінде шындыққа жанасуы мүмкін екенін одан әрі дәлелдейді. Алайда кейбір ғалымдар айну және рюкю халықтарының ортақ шығу тегі теориясын соматологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша қолдамайды.

Тіс морфологиясын зерттеу әдісі бойынша Манабэ (1999ж.) Окинава аралының жас тұрғындарының тістерін зерттейді және зерттеу нәтижесі негізінде қазіргі Окинава адамдары автохтонды Дзёмон немес Хоккайдоның айну халқынан гөрі Яёй дәуірінің мигранттық популяцияның сипаты басым деп болжайды.

2007 жылғы зерттеуде Окинава аралы мен Танэгасима аралының адамдарының тіс морфологиясы мигранттық сипатқа жақын екені айтылады.

Манабэнің зерттеу жұмысы (2002ж.) және 2007ж. зерттеу жұмысы Яёй-Кофун дәуіріндегі Танэгасима адамдарының Дзёмон және айнулармен ұқсастықтары бар екені туралы айтады. Бұл адамдардың Дзёмон адамдарының жергілікті аралда қалып, дербес дамыған ұрпағы деп тұжырымдауға болады.

Рюкю аралдарын мекендеген адамдарға келсек, Минатогава адамы бас сүйегі және тіс морфологиясы бойынша Дзёмон адамына ұқсас болған. Екеуінің арасындағы ұқсастық көне палеолит дәуірінде Окинава аралында автохтонды популяцияға жақын адамдардың мекендегенін білдіреді.

Соңғы зерттеулер Окинава аралындағы Кайдзука дәуірінің (б.з.б. 4000 ж - б.з. 10-12 ғғ.) адамдары Жапон архипелагындағы Дзёмон дәуірінің адамдарымен ортақ ұқсастықтары көп болғанын, сонымен қатар олардың Яёй-Кофун дәуіріндегі Танэгасима аралындағы адамдарға ұқсас болғандығын көрсетеді. Белгілі дәрежеде Минатогава адамы және кейінгі Кайдзука мәдениетінің адамдары және жапон архипелагындағы Дзёмон адамдарының ортақ белгілері болған.

Минатогава адамы аралдар ауданының кішіреюіне байланысты толығымен жойылған немесе басқа аймақтарға миграцияланған деген болжам бар. Дзёмон дәуірінде автохтонды жапон популяциясы Рюкю аралдары мен Жапон архипелагында да тараған деген тұжырымға келуге болады.

Рюкю аралдарында (Амами аралынан Окинава аралына дейін) Кайдзука дәуірінен Гусуку дәуіріне ауысқанда сүйек морфологиясында алшақтық бар екенін анықталады және Кайдзука адамының белгілерін Гусуку дәуірінде Жапон архипелагынан көшіп келген адамдар өзгерткен деген болжам бар. Асато мен Дои-дың археологиялық зерттеулерінің нәтижесі негізінде (1999 ж.) Рюкю аралдарында Гусуку мәдениеті Кюсю аралының әсерінен X - XII ғ. ғасырлар пайда болғаны анықталады [9].

Жоғарыда айтылған факторлардың негізінде Танэгасима аралындағы популяциялық өзгерістер Солтүстік Кюсю және Ямагучи аймақтарынан теңіз немес құрлық арқылы көшіп келген адамдардың әсерінен болған деп айтуға болады.

Танэгасимадағы ірі өзгерістер Яей-Кофун дәуірінде, шамамен б.з. VII ғ. ғасырынан басталған. Солтүстік Кюсю және Ямагучи аймақтарында Дзёмон дәуірінен Яей дәуіріне ауысу кезеңі б.з.б. VII ғ. деп есептелгенін ескерсек, Танэгасима аралындағы популяциялық өзгерістер Солтүстік Кюсю мен Ямагучидегі популяциялық өзгерістен оңғасыр өткеннен кейін орын алған.

Кюсю аралынан Рюкю аралдарына бағытталған гендік ағымды ескере отырып, Танэгасима аралындағы синодонтификация Окинава аралындағы Гусуку дәуірінің алдында VII-XI ғғ. дейін болған деп есептеледі.

Мацумураның (1998) айтуынша мигранттық популяция орталық Хонсю аймағына Яей дәуірінің ортасында жеткен. Ал Хонсю аралында мигранттық геннің әсері Солтүстік Кюсю және Ямагучи аймағына адамдар көшіп келгеннен соң 400 жылдан кейін, яғни мигранттық геннің әсері Хонсю аралына III ғ. жетеді. Танэгасима аралына мигранттық геннің әсері орталық Хонсюға әсер еткен мигранттық гендік ағымнан кейін орын алған [10].

Мигранттық популяцияның Танэгасима аралына гендік әсерінің осыншама уақытқа кідірісте болуы географиялық алшақтықпен түсіндіруге болмайды. Бұл кідіріс Танэгасима аралының автохтонды популяциясының Яей және Кофун дәуірлерінде Солтүстік Кюсю популяциясымен ассимиляцияға ұшырауына қарсы тұруынан болуы мүмкін. Тағы да бір себептердің бірі ол мигранттық популяция орныққан Солтүстік Кюсюмен Танэгасима аралының ортасындағы аймақ — Оңтүстік Кюсюде мекен еткен басқа популяцияның мигранттық генге табиғи генетикалық барьер құрауы болуы мүмкін, яғни мигранттық ген Оңтүстік Кюсюден ары өте алмаған деген болжам бар.

VII-VIII ғғ. жапон мемлекетінің орталық әкімшілігінің жоспарлы түрде жүргізген, басқа аймақтардағы халықты генетикалық ассимиляциялауға қарсы тұрған Оңтүстік Кюсю популяциясын жапондықтар басқа атаумен атаған. Ежелгі Жапон тарихының дереккөздері саналатын көне жинақтардың бірі Нихон-сёки және Сёку Нихонги жинақтарында Оңтүстік Кюсюді мекендеген халық Хаято адамдары деп аталған, яғни бұл аймақта Солтүстік Кюсю және Хонсюда тұрақталған жапон популяциясына жатпайтын басқа популяция өмір сүрген.

Қазіргі кездегі Окинава аралымен Танэгасима аралының адамдары автохтонды популяциялық түрден көрі мигранттық популяциялық түріге жақын екені белгілі болды. Алайда Окинава аралындағы үлгілер Танэгасима аралымен салыстырғанда автохтонды түрге жақын келетіні анықталған және қазіргі Окинава аралының адамдары синтетикалық жағына алғанда, Танэгасима аралдарының адамдарымен салыстырғанда автохтонды ежелгі көне жапондық түрге жақын келеді деп тұжырымдауға болады.

Танэгасима аралындағы ірі популяциялық өзгерістер Рюкю аралындағы халықтың (рюкю халқының) популяциялық даму және өзгеруінің маңызды факторы саналады. Кюсю аралынан Танэгасима аралына таралған гендік ағым Кофун дәуірінен кейін одан әрі оңтүстікке Рюкю аралдары бойымен тарап, Окинава аралына жеткен.

Сонымен бүкіл жапон архипелагындағы (рюкю аралдарымен бірге) этностық бейнеде екі популяциялық типтің араласуынан пайда болады. Олар жапон архипелагын алғашқы

қоныстанушылар — автохтондық тип және Яёй дәуірінде жапон архипелагына көшіп келген жаңа популяциялық тип — мигранттық тип. Автохтонды типке жататын адамдар немесе оның жеке бөлек тармақтары Рюкю аралынан Хокайдо аралына дейін мекендеген, кейін Яёй дәуірінде Солтүстік Азия, Қытай, Корей түбегі аймағынан келген мигранттық тип Солтүстік Кюсюден Орталық Хонсюге дейін тарайды. Осы екі популяциялық типтің табиғи араласуынан ежелгі жапон этносы пайда болған. Ежелгі жапондықтар бірнеше ғасырлар бастапқы қоныстанған аймақтарында өмір сүреді, ал географиялық жағынан алшақ орналасқан Рюкю аралдары мен Хоккайдо аралдарына мигранттық популяцияның әсері байқалмайды. Сол себепті Рюкю аралдарында Оңтүстік Шығыс Азия, Полинезия, Микронезия сияқты аймақтардан келген жапон архипелагының алғашқы қоныстанушылары — автохтонды популяциялық тип тұрақталады. Яғни рюкю халқы — таза автохтонды популяциялық типтің мұрагерлері. Алайда Кофун дәуірінен кейін, Кюсю аралынан Рюкю аралына өтетін аралдарда жапондық геннің әсері байқала бастайды.

Рюкю аралдары және оның халқы жапон архипелагында пайда болған ежелгі жапондармен ешқандай байланысы болмаған, олар өзіндік ерекше және тәуелсіз оқшау қоғам құрады. Әрине, салыстырмалы түрде Кюсю аралына жақын орналасқан Рюкю аралдарының тұрғындарының Кюсю немесе Хонсю аралдарындағы жапондықтармен сауда-айырбас немесемәдени байланыс мүлдем болған жоқ деп айта алмаймыз және де бұл оқшау шектелген байланыс екі жақты болған.

Окинава аралында рюкю халқының орталықтандырылған мемлекеті — Рюкю корольдігі ірі теңіз сауда-саттық факториясы болған. Рюкю корольдігі Жапониядан гөрі Қытаймен тығыз қарым-қатынаста болған, сол себепті қытай мәдениетінің әсері зор болған.

Рюкю корольдігі ХVIIғ. басында Жапонияның ықпал аймағына түседі, тек 1879ж. Жапонияның құрамына Окинава префектурасы ретінде кіреді. Жапонияның құрамына кіргеннен кейін рюкю халқының жапондықтармен ассимиляциялану процесі белгі деңгейде болады. Алайда бұл жаппай ассимиляциялану процесі емес. Рюкю халқы бүгінге дейін өзінің идентификациясын сақтап келеді.

Жоғарыда айтылған зерттеулердің барлығы жапон халқынан ерекшеленетін Рюкю халқының этногенезі проблемасының әлі де күрделі мәселе екенін көрсетеді. Қазіргі кезде рюкю халқының саны 1 млн. 900 мың-ға жуық, оның 1 млн. 300 мыңы қазіргі Окинава префектурасында, 300 мыңы Жапонияның басқа аймақтарында, ал қалған 300 мыңы шетелдерде тұрады, олардың көбісі Гавайи аралдарына тұрақтанған. Осы заманымызда өзіндік ерекше мәдениеті, тілі және салт-дәстүрімен сақталған рюкюлықтар Жапония мемлекетіндегі «ұлттық азшылықты» құрайтын халықтардың қатарын толықтырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 沖繩歴史教育研究会、琉球・沖繩史 p.6-8.
2. von Baelz E. Die Riu-Kiu-Insulaner, die Aino and andere kaukasierahnliche Restein Ostasien. Korrespondenz-Blatt der Deutschen Gesellschaft für Anthropologie, Ethnologie und Urgeschichte, vol. 42, pp. 187-191.
3. Suda A. The Ryukyu people as viewed from anthropology. Minzokugaku Kenkyu, vol. 15, pp. 109-116.
4. Hanihara K. Dual structure model for the population history of the Japanese. Japan Review, no. 2, pp. 1-33.
5. Hudson Mark J. Ruins of identity: ethnogenesis in the Japanese Islands. Honolulu: University of Hawaii press. 1999. p.90.
6. Hudson Mark J. Op. Cit. p.71.
7. Omoto K. and Saitou N. Genetic origins of the Japanese: A partial support for the dual structure hypothesis. American Journal of Physical Anthropology, vol. 102, pp.437-446
8. Yoshitaka Manabe. Population History of the northern and central Nansei Islands (Ryukyu island arc) based on dental morphological variations: gene flow from North Kyushu to Nansei Islands, Anthropological Science, Vol. 116(1). Pp.49-65, 2008 (accepted 20 July 2007)

9. Asato S. and Doi N. (1999) Where did the Okinawan people come from? [Okinawa-jin wa doko kara kitaka]. Border Ink, Naha
10. Matsumura H. (1998) Native or migrant lineage? The Aeneolithic Yayoi people in western and eastern Japan. *Journal of Anthropological Society of Nippon*, 106: pp.17–25.